

ӘОЖ 327.82
КБЖ 66.49
Ә 55

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
халықаралық қатынастар факультетінің Ғылыми кеңесі және
Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған*

Пікір жазғандар:
тарих ғылымдарының докторы, профессор **К.К. Қожахметов**
саясаттану ғылымдарының докторы, профессор **Ж.К. Симников**
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **М.О. Иембекова**

Әліпбаев А.Р., Божеева Б.З.
Ә 55 Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-2009 ж.): оку құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
– 433 б.

ISBN 978-601-04-0066-5

Оку құралында Еуропа және Америка жетекші елдерінің қазіргі заман тарихы кезеңіндегі саяси-экономикалық, әлеуметтік дамуы және олардың жүргізген сыртқы саясаттары жан-жакты қарастырылған.

Оку құралы тарих, халықаралық қатынастар және аймактану мамандығы бойынша білім алатын студенттерге арналған.

ӘОЖ 327.82
КБЖ 66.49

ISBN 978-601-04-0066-5

© Әліпбаев А.Р., Божеева Б.З., 2013
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2013

KIPIСІЛЕ

Назарға ұсынылып отырған оку құралында Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы кезеңіне, яғни 1918-2009 жылдардағы Еуропаның жетекші елдеріндегі және АҚШ мемлекетіндегі аса маңызды саяси және әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жан-жақты сараптама жасау мақсаты койылған.

Аса маңызды саяси мәселелердің қатарында бірінші дүниежүзілік соғыстың шығу себебі мен нәтижесі, халықаралық қатынастарда жаңадан қалыптасқан жүйенін мәні мен маңызы, мемлекетаралық қатынастардағы жетекші елдердің көзделеген мүдделері мен кең орын алған «фашизм» сияқты саяси құбылыстардың жеке елдердің саяси-экономикалық дамуына тигізген ықпалы жатыр.

Еуропалық елдер бастаған бірінші дүниежүзілік соғыс сол саттегі халықаралық қатынастар жүйесіндегі 59 тәуелсіз мемлекеттің 33 елін қамтып, Жер шары тұрғының 87 пайызын, яғни 1,5 млрд адамды соғыс жағдайында ұстады. Соғыс барысында қаза болғаны мен жарадан қайтыс болғандардың саны 10 млн адамнан асса, жаралы болып қалғандарды еki ese. Көптеген елдер бүтіндей қүйзеліске түсті. Соғыс нәтижесінде әлемді шарының әлеуметтік толқулар, әлемдік картада ресейлік, германиялық, австро-венгриялық және Осман империяларының жоғалуына экелді. Әлем өзгеріске түсті, тек соғыспен басталған әлемдік саяси-экономикалық дағдарыс жалғасын жатты.

Оку құралында XX ғасырдың басында қуатты елдер қатарында болған Германия, Франция, Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары және Италия сияқты елдердің ішкі саяси дамуын, экономикалық жағдайын, әлеуметтік саладағы жетістіктері мен кемшіліктерін, сыртқы саясаттағы бағыт-бағдарын, осы елдердің өзара қарым-